

# СЕРІК ҚОЗЫБАЕВ САПАРБАЙҰЛЫ



СЕЗІМДЕР ӨЛЕҢ БОЛЫП  
ТІЛ ҚАТТЫ...

**Серік Қозыбаев**  
**«Сезімдер өлең болып тіл қатты»**

**КҮЗГІ САҒЫНЫШ**

Қолымнан ұсташы қысып алып,  
Менде сезейін бақытты танып.  
Көрмегелі ұйқыны көп болды,  
Көз ілмей ақ жүзінді сағынып.

Сен кеттің алысқа арман қуып,  
Мен күттім есіміңді жаттап алып.  
Саған деген сағыныш бар,  
Жүрегімде тұрған оттай жанып.

Сен қайда кеттің қайғы сыйлап,  
Мен жүрмін қалқам әліде сені ойлап.  
Бір сен болатынсың көктегі күнім,  
Сен кеткелі қалдым жалғызсырап.

Жауынды сездің бе күңіреніп,  
Күзгі түндер тұр ғой түнеріп.  
Өтті ғой шіркін жазғы күндер,  
Жайқалған гүлдері солып.

Ерекше күлімдеуші ең еркелеп,  
Өзіңнен айырылдым гүлім ертерек.  
Сағынғанмен не пайда жалғызым,  
Үмітті үздірсең мені күтпе деп.

Әліде сезіммім тұр жалындап,  
Сағыныш жанға мұң сыйлап.  
Күтумен бар тағат таусылды,  
Бақытыма қол созсам алыстап.

Мұң сыйлады таңдар тоңдырып,  
Кеттің бе өзгеге бақ қондырып.  
Мейлі тек бақытқа жет тілерім,  
Жүректе қалды сезімім от болып.

## **СЕН ЖАЙЛЫ**

Сен жайлы жазғым келет бір өлең,  
Ешбір жан оқып танып білмеген.  
Сен бір тәтті елес қиялсың,  
Ешбір адам арман етіп көрмеген.

Жаныма жақын болдың бәрінен,  
Сені аңсап жүрмін ғой әлі мен.  
Қыстың мынау аязына тоңдырмай,  
Жаныма келсеңші көктеміңмен.

Гүл теруге баста мені алыс қырға,  
Жүрегіңді мендік жүрекпен табыстырда.  
Өтінем мен аңсаған ұлы арман,  
Саған қарай қол созсам алыс тұрма.

Мені сүйде ешкімге қайрылма,  
Жүрегіңді менен өзгеге құлыпта.  
Жаным маған сен еш қорықпа,  
Мен сені алып барам шын бақытқа.

## **КӨКТЕМГІ КҮН**

Далада тұр төгіп көктем жасын,  
Тереземе ұрғылап әр тамшысын.

Бұл көктем неге жылап тұр,  
Жоғалтқан жандай бақыт құсын.

Көгінен арылмай қара бұлтты.  
Таңнан бері басылмай жаңбыры,  
Бүгін көктем әлденеге қапалы,  
Кінәлі еткен адамдай тағдырды.

Тереземнен тұрдым үнсіз сығалап,  
Бүгін көктем жылап тұр шынымен-ақ.  
Әрбір тамшысында бір сыр бардай,  
Үңілсеңіз жанына жақындап.

О тоба көктемде адам сияқтыма,  
Өкпелеп жас төгетін тағдырына.  
Әлде мен көктемгі нөсерді,  
Өзімнің тағдырыма ұқсаттым ба.

Иә, бүгін тұр жаңбыр басылмай,  
Көз жасын тия алмаған адамдай.  
Шіркін бұлт тарқап күн оралса екен,  
Мына дала ажарланып ару қыздай.

### **ТУЫЛҒАН КҮНІҢІЗБЕН!**

Көктемнің алғашқы күндерінде,  
Хат жаздым алғаш рет менде сізге.  
Айыпты ете көрмеңіз сіз мені,  
Бұл ісім оғаш боп көрінсе егерде.

Бүгін көктем жаңа леп, жаңа күн,  
Сезесіз бе жұпар иісін даланың.  
Шіркін-ай қандай бақытты жансыз,

Шуақты күнінде туылған көктемнің.

Құтты болсын туылған күніңіз,  
Бақытқа толы болсын бар өміріңіз.  
Алладан мейірім шаппағат төгіліп,  
Бақыт нұрына бөленсін жаныңыз.

Арайлы таңдай көркем бейнеңіз,  
Сіздей сұлу көрмегем сенсеңіз.  
Неткен әдемі, неткен жарысымды,  
Ұяң мінез тартымды қылығыңыз.

Сіз бір ерекше ғажап жан екенсіз,  
Сізге деген де ешбір теңеу дәрменсіз.  
Тал бойын кір шалмаған пәк құс боп,  
Жер бетінде адасып жүргендейсіз.

Ақ тілекпен теңеу таусыла ма,  
Жаны жайсаң адал ғажап жанға.  
Бар дүниенің асылы тең келмес,  
Жүрегі пәк болған сіздей адамға.

Менде шет қалмайын ақ тілектен,  
Бар жақсыны тілеймін шын жүректен.  
Туылған күн қымбат күн ғой әр адамға,  
Әр жылы бар ынта мен асығып күткен.

## **АЛЫСТАҒЫ ҒАШЫҒЫМА**

Жүректе бір сезім басылмай,  
Тулап жатыр теңіздегі толқындай.  
О қалқам қайда жүрсің сен бүгін,  
Ескі достың хәлін бір сұрамай.

Көңілім қалғандай бүгін бәрінен,  
Бақыт құсым құлап аспан көгінен.  
О жарығым-ау жалғандағы,  
Сен кетіп айрылдым ақыл естен.

Бәрі де көңілсіз, бәрі де сенімсіз,  
Бақыт жоқ екен маған өзіңсіз!  
Жұрт көзінше күлгенімен алаңсыз,  
Жалғыздықта қиналам сенсіз.

Қайтемін қайда барып мұң шағам,  
Жаным жылап сен жайлы ойланам.  
Өзіңсіз тым көңілсізбін, жалғызбын,  
Жүрседе жанымда қаншама адам.

Иә, сағындым сені қатты сағындым,  
Өкінішпен өртеніп жан жүрегім.  
Саған мен қатты бауыр басыппын,  
Сеземісің сен оны алыстағы ғашығым.

## **КӨКТЕМ**

Жарқырап күн көтерілді көгіне,  
Шуақ нұрын төгіп жер бетіне.  
Құстар да әнге бөледі бар даланы,  
Қуанып көктемнің келгеніне.

Жер жүзі жатыр балқып, елжіреп.  
Күннің жылы шуағына еркелеп.  
Ағаштарда қарын сілкіп тастап,  
Ажаралана түсті биыл ерте гүлдеп!

Қырларға гүлдер өсті сан алуан,  
Сұлулығы алыстан көзді арбаған.  
Бәрі де оянып жатыр бірте-бірте,  
Құтылып қаһарлы қыс құрсауынан.

Алыстан оралды құстар қанат қағып,  
Көктемнің жеткенінен хабар беріп.  
Қиқу әнге салған құстар әкелді ме?  
Жылы жақтан жылы леп алып.

Жарық нұр енгендей бар әлемге,  
Бір сезім қуаныш сыйлайды көңілге.  
Шіркін көктем ғажайып ертегі ғой,  
Сиқырымен тамсандырған әр кезде.

Әр көктемді көру нәсіп етсін бәріне,  
Құс үні тербетсін жасты да, кәріні де.  
О көктем жайнап құлпыра берші,  
Қуаныш сыйлап әр келер мезгілде.

## **БІЛІМ**

Мектеп деген білімнің,  
Мөлдір тұнық бұлағы.  
Ұстаз деген шәкірттің,  
Жол көрсетер шырағы.  
Оқу білім таныған,  
Бұл өмірде ұлы жан.  
Оқу білім танымаған,  
Қараңғыда қаңыраған.  
Оқу-біліммен жарық,  
Күндерің нұрға толып.  
Білім деген бағың,

Басында тұрған қонып,  
Оқу үшін бар мектепке,  
Босқа жүрме текке.  
Оқыған жандар,  
Бақыттылар бұл өмірде.  
Оқысаң бағың жанып тұр,  
Босқа өтпей уақыт құр.  
Оқымасаң егер сандалып,  
Ата-анаң сор болып тұр.  
Оқу-біліммен нұрланайық,  
Жас көңілді босқа былғамайық.  
Ұстаз деген ұлы жан ардақты,  
Сондықтан ұстаздарды бағалайық.

### **ҚАЗАҚ ДЕГЕН...**

Тәнімде тулап ыстық қаным,  
Қазақтықтан жаратылған жаным.  
Қазақ деген айбынды ұлт,  
Біле білсең сен шет ел шырағым.

Қазақтың қаймағы бірлігінде,  
Қазақтың айбыны жүрегінде.  
Қор етпе, мазақ етпе, қазақты!  
Қазақ ұлы тарих тереңінде.

Қазақтан шыққан данышпан да,  
Кемел ойына бағынып дұшпаны да.  
Қазақтан шыққан батырда,  
Ел үшін, қолына ұстап ақ найза.

Кешегі өткен дара Жамбылым,  
Мәңгілік өшпес алтын тарихым.

Бүгінгі өркенді Шаханов, Ринатым,  
Ертенгі күнге қалар ұлы ақыным.

Қазағым жеңілмес майталманым,  
Оған куә кешегі кешкен майдандарың.  
Қазағым қайтпас оттай жалыным,  
Оған куә кешегі желтоқсан бозғындарым.

Бірлігі бекем ұлы халқым,  
Жасай берші гүлденіп көркің.  
Желбіренсінші самғап Көк туым,  
Құрбан жолыңда менің жаным.

Қазақ деген айбарлы ұлы тау,  
Шыңына қайратсыз шығалмас-ау.  
Қазақ деген киелі жұрт,  
Сыңына жалынсыз төзбес-ау.

Қазақтан шыққан дара ақындар,  
Шындығын жырымен тамызар.  
Бүгінде Шаханов, Ринат ағам,  
Нағыз жалынды ақиық ақындар.

Жайнай бер Бәйтерегім-Астанам!  
Кемеңгер Нұрсұлтаным басқарған.  
Ел қамын ойлап, елін жақтаған,  
Нұрсұлтандай ел басымен мақтанам!

Кешегі өткен Абылай,  
Азат халыққа мәңгілік жаңғырғай!  
Келешекті ертеден ойлаған,  
Абайымды Қазағым ұмытпағай.

Батыр бар қазақта Баяндай,

Жері үшін, жанын берген аянбай,  
Ал ендігі жас ұрпақ жалындарым,  
Тарих бабаларымызды есіне сақтағай.

Сөзге келсек қазақ үшін сөйлейтін,  
Шет ел асып, қазақ үшін тыным білмейтін.  
Қасым-Жомарттай ағамыз бар,  
Ел ертеңі үшін маңдай термен терлейтін.

Жайнай берсін нұрлы Астанам,  
Аман болсын Ағамыз ел басқарған.  
Ел мақтаған жанды Алла қолдаған,  
Аман есен жүзге келсін нұр ағам.

Қазақ үшін жазылар жыр дастаным,  
Аман-есен болсын елім, асқарым!  
Бірлігіңе бекем бол түңілмей аспаның,  
Бүлінуде, бүлігуде қазір қас қағым.

Азаттық үшін күрескен бабалар,  
Бүгінгі күнді бейбіт етіп айқындар.  
Дініңе қазағым берік болыңдар,  
Алауытқан, харам діни ұйым бар.

Кешегі қайтпас бабаларыммен мақтанам,  
Бүгінгі ел басқарған ағалар мен марқаям.  
Бауыржаным, Әлиям, Мәншүгімдей ел қорғаған,  
Қазақтай батырларымды есте сақтағам.

Қазақ десем жырласам көп тарих,  
Қанат жайып, көк аспанға қырандай.  
Қазақ десе тұрама жүрек тән оянбай,  
Қарсы тұрам кез келгенге Қазақ үшін аянбай.

## ҚАЗЫҒҰРТ КЕШІ

Қараңғы түнге нұр береді жұлдыздар,  
Сезілседе күзден бір салқын ызғар.  
Жаз кетіп күз жеткен мына мезгілде,  
Жаным жұлдыздарға тым құмар...

Түнгі көше жарық шаммен безенген,  
Ғажайып сәулесі тарап аспан көгінен.  
Жарқырап көрінген көктегі Ай да әдемі,  
Аппақ нұрына бар даланы бөлеген.

Қазығұрт кеші дос-жаран жолыққан,  
Қызу-думан құрып таң ата үйге асықан.  
Шіркін-ай жастық шақ тамаша ғой,  
Достар мен бірге ойын-сауық құрған.

Керемет түн беретіндей бір күш,  
Аспанында жымындап сан жұлдыз.  
Қазығұрт түні бәрі тыныш, бәрі үнсіз,  
Тек күзгі кеш самалын есіп тынымсыз.

Күздің салқын тартқан кезі болса да,  
Жас жанымыз оған тоңа қоя ма?  
Жақын жандар, дос құрбылар бәрі де,  
Өз теңін тауып сырласу да...

Шіркін тамаша ғой Қазығұрт кеші,  
Құшағына басқан бар жақсыны.  
Алыс кету бұл өлкеден бір сәтке,  
Ұқтыратындай мәңгі адасуды.

Сөзбен қалай жеткізем бұл сезімді,

Мен жан тәніммен сүйем туған өлкемді.  
Жақсы жандар бір туар азаматар,  
Сіздерге де ұсынар ем бір келіп көруді.

Мақтан етем мен өзім Қазығұртты,  
Бірлігі мен татулығы мықты,  
Мұндай тамаша өлкеде туып өскен,  
Мен қандай жан едім бақытты.

## МОЙЫНДАЙМЫН

Мойындаймын мен сені сағынғанымды,  
Сені өзгеге расында қимағанымды.  
Бірақ білем енді жалғызым,  
Бұл сөзді айтудың қажеті қалмады.

Жүрегім өкініштен өртеніп барады,  
Тандарымда жабырқау күйде атады.  
Мен мойындаймын барлығын да,  
Сенің жоқтығың жаныма қатты батады.

Алыстадық тағдырдың жазғанымен,  
Қоштасып тұрып іштей жыладым мен.  
Өзіңнен қиналғанымды жасырсам да,  
Сезілді бірақ қимағаным көздерімнен.

Сен кеттің өз арманыңа асығып,  
Бәлкім бір күні қалармыз жолығып.  
Кетсеңде сен оралмас арман болып,  
Мен сені күтіп жүрмін әліде сағынып.

Тек сен жыламасаң болғаны өмірде,  
Қала бересің мәңгі менің жүрегімде.

Қайта келіп сыр айтуға мүмкіндік бар,  
Бәрінен жалығып шаршаған кезінде.

Мен сені ұмытпаймын, қорықпа!  
Есіміңді жазып жүректегі құлыпқа.  
Жүрегімнің құлпы өзгеге ашылмас,  
Жүрсеңде сен өзгемен жырақта.

Мейлі мен қайғырып жылайын,  
Ұмыта алмай өткеннің күн-айын.  
Сен үшін қидым бар бағымды,  
Жаратқаннан өзіңе бақыт сұраймын.

Естеліктер ескілер бәлкім уақыт өте,  
Сенсіздіктен есім кетер мүмкін ерте.  
Маған енді бірақ бәрі бір,  
Дайынмын сен үшін жан беруге де.

Қоштасамын өзіңмен мәңгіге,  
Табыстап сені амалсыз өзгеге.  
Бұл сенің қалауың болды ғой,  
Мен қарсы келмедім оған мүлде.

Сүйсемде жасырдым мен ішімде,  
Сен көңіліңді берген соң өзгеге.  
Бар тілерім бақытты бол жарығым,  
Мен сені ұмытпаймын бір сәтке де.

## **БАЛА КҮНГІ МАХАББАТЫМА**

Сен менің мәңгілік есімдесің,  
Ең алғашқы махаббатым.  
Білем сені мені әлі менсінбессің,

Айға жетпеген соң менің атым.

Қорықпа мен жетем бәріне,  
Есінде қалсын ескі хатым.  
Сені сүйдім бала күнімде,  
Эх, қол жетпес арманым.

Расында сен менің музамсың,  
Ақын еткен мына мені.  
Жүрегімде мәңгі қаларсың,  
Ұмытпаспын ешқашан сені.

Бар өмірім, өлеңім өзіңе,  
Сені сағынып тұрам әлі де.  
Жиі барып сол баяғы,  
Сен тұратын көшеге.

## ӘЙ ӨМІР

Бекер-ақ өмір сүрдім бе,  
Жасандылық күлкімде.  
Бұл дүние өтер екен-ау,  
Жақсылық жасадым –  
Қол ұшын беріп кімдерге.

Қалдырып суық түндерге,  
Тоңдырып қысқы күндерге,  
Бұл дүние өтер екен-ау,  
Көзді ашып жұмғанша  
Желдей зулап бір күнде.

Өмір сүрдім бе бекер,  
Бәрін-бәрі ұмытып кетер.

Біле білсең өткінші ғой,  
Доста, Махаббатта,  
Нөсердей бір сіркіреп өтер.

Ойлап ем бақыттымын деп,  
Бойлап ем жан-тәнім деп.  
Айла не, кетті ғой бәрі,  
Көкіректен итеріп кеп.

Әй, өмір әділет қайда,  
Берген сөз, серт қайда.  
Әй, егер жалған болса,  
Сеніп бауыр басып,  
Жүргеннен не пайда?

## **АЙЛЫ ТҮНГІ САҒЫНЫШ**

Жұлдыз толы айлы түн,  
Жазғы кеш төгер байлығын.  
Мынау шат-мәз мейрам кеште,  
О қалқам мен неге мұңайдым.

Әрбір мұң өзің жайлы ойлардан,  
Іздесем таба алармын сені қайдан.  
Көз алдымнан кетпейді әсем бейнең,  
Күн көзіндей ғажайып нұрға толған.

Сырлас болғансың жаныма өзің,  
Саған қарай жетелеп мына сезім.  
Көңілді мұң басты сағыныштан,  
Өзің келіп жұбатпаған соң аяулым.

Өзіңе жазылып жүр жыр өлеңім,

Білсемде елеусіз құр қаларын.  
Сенен өзгені сезбеймін, көрмеймін,  
Сезсемде жаным мұңға тұншығарын.

Өзің айтшы қалай ұмытайын бәрін,  
Жанымда жоғың сезілсе сәт сайын.  
Ескі күнде қалып қойған бақыттым,  
Мен сені әлі күнге дейін аңсаймын.

Қайда жүрсеңде бақытты бол тілерім,  
Бір өзіңе арналады бұл өлеңім.  
Жер бетінен саған теңеу таба алмай,  
Айлы түнгі сағынышқа сені теңедім.

## **ӨТКЕН ӨМІР ЖАЙЛЫ**

Жоғалтып алдым мерейімді тасыған,  
Кезігіп күндерге мұңнан мезі болған.  
Зуылдап өте шықты уақыт шіркін,  
Бал балалықпен бақытты ұрлаған.

Адасқандаймын күзгі тұман арасында,  
Өткен жылдар мені тастап барсың ба.  
Мен енді сенен күдер үзіп кетейін бе,  
Қолды бір сілтеп бар арманға мына.

Жастық шақ бала күнім қайда менің,  
Кеше ғана ойын қуған балаң едім.  
Бүгін есейіппін жасым жетіп он тоғызға,  
Алдымда асыға күтіп жиырмам менің.

Күн өтті, ай өтті, ескінің бәрі кетті,  
Көз алдымда талай жанның жолы бітті.

Ес біліп өмірді таныған қиын екен,  
Бұл өмір талай жаралады жас жүректі.

Талай рет көңіл қара бұлттай түнерді,  
Жоғалтып-ап жаңға жақын кісілерді.  
Баяғы боз бала ойын қуған,  
Бүгін міне танымастай боп өзгерді.

Қайтеміз өмір өткініш екен амал не,  
Сынақ үшін берілген әр пендеге.  
Бұл өмірде ешкім мәңгі тұрмас екен,  
Ажал ұрлап жер бетінен бәрінде.

Өткен өмір көп ойландырды мені де,  
Қадір бағасын бәрінің білдім бе?  
О адамдар бір бірімізді бағалайық,  
Бітпей тұрып жолымыз мына өмірде.

## **КӨК ҚАҒАЗ**

Қолды байлап тұр көк қағаз,  
Жолды бөгеп тұр көк қағаз.  
Жалғанда мына бес күндік,  
Бар мәселені шешті көк қағаз.

Көк қағазсыз сыйың жоқ,  
Байларға қазір тыйым жоқ.  
Бұрын адам ең қымбат еді,  
Ал қазір кетті ол тиын боп.

Әділдік айтсаң тіл кеспек,  
Қоғамнан бәрі бөлектеп.  
Жағымпаз арсыздың бағы,

Жанып тұр көкте жұлдыз боп.

Төрелік айтар би қайда?  
Кедейге де, байға да.  
Бүгінгі төренің ойлағаны,  
Әділдік емес пайда ғана.

Жағымпаздар төрге шықты,  
Арсыздың бүгін түбі мықты.  
Шындық айтқанның бәрі де,  
Жау саналып қара ниетті.

### **ҒАШЫҚПЫН КҮЛКІҢЕ**

Сыңғырлаған ғажап күлкіңе,  
Ғашықпын жаным бұл күнде.  
Шіркін бар әлемнің әуені –  
Жетерме екен сенің нәзік күлкіңе.

Саған қарай жетелейді бір сезім,  
Сені көрген сәт ең бақытты кезім.  
Жер бетін сан мың шарласамда,  
Сендей жан табылмас енді гүлім.

Сенің бейнең қыр гүліндей әдемі,  
Тамсандырған мына ғажап әлемді.  
Менің бар бақытым өзің болдың,  
Арнайын саған осы бір тәтті өлеңді.

### **СЕНБЕЙМІН**

Иә, сенбеймін кейде сенбеймін,

Сенбегесін сені тағы тергеймін.  
Кеше ғана қол ұстасып жүріп,  
Бүгін сені түстерімнен іздеймін.

Иә, жалғызсырап өзіңсіз көнбеймін,  
Сені іздеп мына сағынышқа шөлдеймін.  
Алып ұшып сағынысып жүрсеңде,  
Өкінішті мен енді жаныңа келмеймін.

Іздеме мені енді аққу құс ұшқанынан,  
Мұз болып жібімес жүрек тоңғанынан.  
Сен келіп емдемеген соң жан жараны,  
Ем іздермін әр көктемнің жаңбырынан.

Саған деген сезім биік арманымнан,  
Тамшы үзсемде кештері жанарымнан.  
Кешқұрым сағыныштан салып ән,  
Мен жүрем бейнеңе қарап сағындырған.

## **КҮЗГІ БАҚ**

Күздің салқын кешінде,  
Серуен құрам бақ ішінде.  
Мұңға толыпты бақ іші,  
Өкпеленіп күз жеткеніне.

Күз жетсе, гүл өлсе,  
Не ғажап қалар жерде.  
Сенде мендік ойдасың,  
Куә болып бәрі біткеніне.

Жазғы бақ жайнап тұрған,  
Әп сәтте қурап қалған.

Неше түрлі гүлде жоқ,  
Тек жапырақтар сарғайған,  
Расында күзгі бақ мұңданған.

Не болды, не күн туды баққа,  
Кеше толы болған ғажапқа.  
Шіркін бізде осылардаймыз,  
Бір күн келіп жастық өтіп,  
Ұқсап қалатын қураған ағашқа.

## ДОСҚА СЫР

Досым-ау білемісің хәлімді,  
Қайғы жеп барады жанымды.  
Білмеймін мені кім құтқарады,  
Тек білерім,  
Жүрегім өткенді сағынды.

Ертелі кеш сағыныш азабы,  
Сүйген жүрек бәріне қапалы.  
Айтшы досым-ау өзің,  
Неге осы адамдар,  
Қол жетпес биікке ұмтылады.

Досым-ау білемсің хәлімді,  
Сен ғана ұғасың жанымды.  
Білмеймін бәрі азапқа айналды,  
Қашан күліп атырамын,  
Арайлап атқан таңымды...

Өзімді менсінбес аруға ғашықпын,  
Солай қол жетпес биікке ұмтылдым.  
Өзімде сезгенім жоқ расында,

Жүрегіме айналып кетерін –  
Сол арудың...

## **БАҚЫТТЫ ТАНИ БІЛ**

Өмір деген құлатып сүріндірер,  
Өзі-ақ кім екеніңді түсіндірер.  
Сезінсең қиналғаның да,  
Жаныңды Анаң ғана түсінер.

Бұл сөзімді өмір өзі саған түсіндірер,  
Текке жазылған ойға ұқсатсаң егер.  
Бақыт деген ол Анаң сен үшін күйінер,  
Уақытша сен қыдырған мына көшелер.

Білем жастық деп сен жалындайсың,  
Көше кезіп Анаңды да жиі алдайсың.  
Бірақ досым ертерек көзіңді аш,  
Бір күні Анаңа кеш деуге жарымайсың.

Өмір жүйрік ат қанаты талмас құстай,  
Қала алмайсың мына уақытты ұстай.  
Бәрі өтер, бәрі кетер болмағандай,  
Қарттығыңда жетер жастық әлің қалмай.

Сен жүрсің кештері мейрамхана аралап,  
Анаң отыр уайыммен саған алаңдап.  
Ей досым, бар бақытыңды бағалай біл,  
Жүргенше әр арсызды бір жағалап.

Өмірдің мәні бақыттың бағы отбасың,  
Кім кепіл мына өмір саған не жазбасын.  
Сен үшін Анаң жүр күні-түні күйіп-жанып,

Сондықтан Аһанды бағала кеш боласын.

Ана сөзін ұқсаң бақытты боларсың,  
Әке жолын қусаң жаман болмасың.  
Бар ғұмыр саған жанашыр болған,  
Ал енді Әкең мен Аһанды сыйларсың.

Бұл сөзім үлгі болғай жақсыларым,  
Көп ойланам пендеге қарап жалын.  
Ақша мен байлық, мансап қуғандар,  
Бақыттылар емес кесіп айтарым.

Бағаландар жанашыр жандарыңды,  
Мейірім мен атқызған жылу таңдарыңды.  
Шіркін Ана мен Әке ғажап жандар ғой,  
Баласы үшін арнаған бар жақсыларды.

## **ЖҮРЕККЕ УӘДЕ**

Өкінбеймін мен енді қоштасуларға,  
Күнделікті істей қарап барлығына.  
Енді саған уәде берем жүрек,  
Ауыр мұң салмаймын деп ешқашанда.

Мейлі бізден кеткен жандар кете берсін,  
Бәрі өз бақытын тауып шат күн кеше берсін.  
Уәде етем мен саған жүрек,  
Енді өкінбейміз адамдар бізді ұмытқаны үшін.

Өмір алма-кезек,  
Бірде қайғы бірде қуаныш.  
Жүрек сен жыласаң өзім болам жұбаныш.  
Қорықпа енді болмайды баяғыша жалғыздық,

Ей жүрек өзім болам саған мықты қорғаныс.

## **ТӘКАППАР АРУҒА**

Әдемі қыздар көп қой әлемде,  
Сен тәкаппар болып шірен бе.  
Тек сені бағым деп сүйген ем,  
Кеттің ғой гүлім сен тым биікке.

Бір күн мүлде ғайып болсам,  
Өмірден еншімді бөлек алсам.  
Іздеп жүрмеші өкініп мені,  
Жалғандардан жаралансаң.

Сүйіп қалғаным шын күмәнсіз,  
Бір көргеннен маған ұнадыңыз.  
Ғашық болдым бір көріп-ақ,  
Амал не сіз оны ұқпадыңыз...

Жүректегі сезімді сезінбей,  
Өмірде барымды көзге ілмей.  
Жүрсіз ғой тәкаппарланып,  
Жүрген соң ба көлік мінбей.

Қымбат еді махаббат мен үшін,  
Сезіне алмадыңыз сезім күшін.  
Ұқтым жаныңыздың қалауын,  
Болса ғой деп бәрі де түсім.

## **БЕЙТАНЫС БІР АРУҒА**

Қыз қылығы ұяң мінез ұялшақтық,

Қызды жылатып біз осы не таптық?  
Замандас қарлығаш қарындастар-ау,  
Ар-ұятты сақташы кетпесін сыйластық.

Қарындасым мықты болшы жүрісіңе,  
Қатаң қарап киген киім, келбетіңе.  
Жас кезде оң-солды тану қиын болад,  
Сондықтан сене берме сен әркімге.

Бойыңды таза ұста жамандықтан,  
Онсызда ару көп арын сатқан.  
Жылу сөздің бәріне сене берме,  
Екі жүзді адам көбірек адал жаннан.

Замандасым суретің көз тартады,  
Саған қарап қу нәпсі еріксіз оянады.  
Ашықтау киім кимесең нең кетеді,  
Өзің айтшы қай анаң осылай боянады?

Өкпеле айтқаныма, көнбе, алыс кет...  
Менде кетейін өз өміріңді өзің шеш.  
Бірақ, расында жаным ашиды,  
Өтінем өзгерші болмай тұрып бәрі кеш.

Қымбат көлігі бар деп жігітке қызықпа,  
Оған керексің бәлкім сен таң атқанша.  
Өзіңе сол ұнайма айтшы жарығым-ау,  
Әркімді бөлеп жүру бір сәттік рахатқа.

Жезөкше қыз қайдан келді білесіңбе?  
Олар да жас болды сен секілді кезінде.  
Тағдыр жолына ерте түсті алданып,  
Қарамай үйде отырған әке-шешеге.

Ақыл айтсам ренжисің, өкпелейсің,  
Менікі жәй қызу жастық дейсің.  
Алайда абай болшы жаным-ау,  
Жастық мас қып жылатып жүрмесін.

Әлеуметтік желіде жарқырап тұрсың,  
Жаңа бүршік ашқан роза гүлсің.  
Сан алуан суреттерің тұр көз арбап,  
Сенен жамандық қалай алыс жүрсін.

Қызықпа арзан атақ, уақытша қызыққа,  
Қыз арманы ана болу болашақта.  
Жүру емес түні бойы той тойлап,  
Кім көрінгеннің қызық қуанышында.

Жазып жатыр суреттеріңе жақсы пікір,  
Намыссыз ұяты өлген өңшең жаман пір.  
Олардың ойлары өз пайдасы ғана,  
Өтінем оларға көңіл бөлме сеніп бір.

Артық айтсам күнім жазғырып жүрме,  
Сен жайлы ойлар маза бермеді күніге.  
Өз қасыма жақын тартып ұнатып ем,  
Бірақ сен жүрсің ғой бос қиялға ере.

Ұнамайды саған жақсылық ақылым,  
Кешір сені бұлай сүйе алмадым.  
Мейлі сені ұнатайын қаншалық,  
Бірақ сені ұмытам кешір алтыным.

Айтқан сөзіме көнбедің, төзбедің,  
Болашақ жар қылмақ еді ойым менің.  
Амал не сен өзге жолды таңдадың,  
Соған сыздайды аздап бұл жүрегім.

Айтарым тек аман бол шаршама,  
Қиын болсада өмір жолы қаншама.  
Алладан өзіңе дұға етем,  
Аман болшы қарлығашым  
Кез болмай жамандыққа.

### **ҚАРЫНДАСЫМА**

Жан қарындасым абайла,  
Әр адамның ішінде бар сан айла.  
Ерте олай сен өтінем бүр жарма,  
Тоңып қап жүрерсің тағдыр суығына.

Сен қызсың ар намысы бәрінен биік,  
Талайлар жүр сені іштей сүйіп.  
Қыз деген қол жетпес пәк арман ғой,  
Бағалай алған жанға ой түйіп.

### **РАХМЕТ АНА**

Жанымызға жақсылық жинаған,  
Біз үшін бар ғұмырын арнаған.  
Мына бес күндік жалған өмірде,  
Асыл жан барма Анадан асқан.

Ертең таңда күннен бұрын оянған,  
Балам деп өзін еш ойламаған.  
Рахмет Ана саған бәрі үшін,  
Өзіндей жылу төгер жан қайда маған?!

Басынан ақ жаулығы шешілмеген,

Ар-ұятын жанынанда қымбат көрген.  
Рахмет ана саған әр атқан таң үшін,  
Өсірдің мені текті ұл ғып бала күннен.

Ана бәрі сенің арқаң, саған сенім артам,  
Бір сәтке ұзағым келмейді қасыңнан.  
Күндей жылу төгеді жүзің сенің,  
Ана сендей жан табылмас енді маған.

Өсірдің қолыңдағы барды беріп,  
Өсірдің бар қиындыққа мен үшін төзіп.  
Өзің кимедің сәндік көйлектіде,  
Бір менің бағым үшін бәрін қиып.

Рахмет ана ар-намысты адам қылғаныңа,  
Сенің тәрбиенің жақсылық жинады жаныма.  
Көп жандар алғыс айтады адалдығыма,  
Рахмет Ана ар-ұятты ұғындырғаныңа.

Ана сенің тәрбиеніңмен биік тұрам,  
Танылып жүр бүгін көпке түр тұлғам.  
Бір шама ел тебіренді бүгін жырыма,  
Ана мен сенен адал жан боп туғам.

Көп жұрт қазір елеңдейді өлеңіме,  
Жақын тартып жан жүрек көңіліне.  
Ана саған бәрі үшін мың алғыс,  
Қостың мені өмір-өлең атты бәйгеге.

Ана ар-намысың биік жансын бәрінен,  
Көзімді ашқаннан жүресің ақ орамалмен.  
Сондықтан да менде қызығам Ана,  
Аруларға ар-ұятын ораған орамалмен.

Рахмет Ана арсыз, намыссыз болмағаныңа,  
Рахмет Ана адалтықты қолдағаныңа.  
Сен жақсы жан болғаның үшін ғана,  
Мен жақсы жан боп танылдым айналама.

## **КӨКІРЕГІМ ҚАҚ БӨЛІНЕРДЕЙ**

Көкірегім қақ бөлінердей,  
Жүректен өкініштің мұзы ерімей.  
Қайран өмір-ау неге өгейсіттің,  
Мені өз балаңдай көрмей.

Өзегімді өртеп барад өкінішім,  
Босқа кетіп өмірлік талпынысым.  
Өмірге артсам кінәні қателік пе?  
Өзімнің болып бір осал тұсым.

Жолым болмай өзім көп жаңылдым,  
Көз жасым көл боп астында жауынның.  
Жүрегімді сыздатып ауыртады,  
Сан ойға жетелеген жалғыздығым.

Жұрт мәз-мейрам шақта мұңайдым,  
О тоба бақытымды кімнен сұраймын?  
Мен осы қатты өкінем өткен өмірге,  
Жанымды жегідей жеп өз уайымым.

Қайдан іздейін бақыттың бағын,  
Күз келмей мәңгі жайнап тұратын.  
Көзге ілмей қайда жүр зор бағым,  
Сырымды, мұңымды менің ұғатын.

Түн жапса қараңғылап бар тарабымды,

Сан жұлдызға жазып отырам өлеңімді.  
Қараңғы түнмен жұлдызды аспан ғана,  
Ұғатын менің мұңға толы жанымды.

Көкірегім қақ бөлінердей,  
Жүректен өкініштің мұзы ерімей.  
Жалындаған жастық осылай өтеме,  
Өкінішті жеңуге жүректің әлі келмей.

### **БАЛА КҮНГІ ДОСТАРҒА...**

Бәрі кетіп жатыр туып өскен жерден,  
Бақытын іздеп шалғай болған қаладан.  
Шығарып салулар бұрынғыдан көбейді,  
О тоба арман ба жақынды алыс қылған.

Көрші-қолаң баяғы доста кетті,  
Аз уақытқа емес жылдарға жетті.  
Баяғыша жоқ кешкі думан достармен,  
Бәрі-бәрі арман қуып алыс кетті.

Өмір дейтін осыда қымбатты достарым,  
Есейдік уақыт өте шығып қас қағым.  
Бұрындары көріспей тұра алмаушы ек,  
Ал бүгін тілдеспей-ақ өткізіп жүрміз,  
Өмірдің ай-жылдарын.

Бала күнгі қиял екен ғой достым бәрі,  
Бізді бөлді өмірдің сан тарау жолдары.  
Сенде кеттің, менде кеттім бүгін алыс,  
Тұрғандай алдымызда арман асулары.

Десекте өмір жолы қажыта алмас,

Жылдап көріспесекте жүзің таныс.  
Ай жылдар бөлсе де арамызды,  
Көріскенде біз сағынысып қауышамыз.

Аман жүріңдерші шет жүрген достарым,  
Сендердің көмектерің қанат қаққаным.  
Бала күннен демеп келген өздерің,  
Сендерге шексіз ғой менің алғысым!

Кеп тұрыңдар сағынтпай біздің жаққа,  
Біздің жақ дегенім туған жер, ұмытпа!  
Әрбіріміз туып өскен жерге қарызбыз,  
Мейлі қанша даңқты жерде оқысақта.

Оқу білім арман қуғандарыңа қуанам,  
Әр жанға сендерді айтып мақтанам.  
Сендердің жетістіктерің менінде бағым,  
Өйткені, ұшқанбыз біз кезінде бір ұядан.

Бар айтарым кеп тұрыңдар туған жерге,  
Асыр салып ойнап өскен қырат белге.  
Шетел асып мейлі оқып өссеңдер де,  
Ұмытпаңдар қарызсыңдар туған елге.

Бар қаларым армандарыңа жетіңдерші,  
Ұлы азамат боп біз жаққа келіңдерші.  
Шетте жүріп алған білімдеріңді,  
Кейінгі іні-қарындасқа үйретіңдерші.  
Осылай туған жер алдындағы қарызды,  
Мінсіз етіп өтеп беріңдерші.

**ҚОШ БОЛ**

Біздің сезімдер ақ қардай еріп кетер,  
Енді мені ұмыта ғой, ойлама бекер.  
Баяғыша гүлденген көктем кездер өтер,  
Енді бізді түнерген күрең күздер күтер.

Сырғумен айлар мен жылдар жылдам өтер,  
Сағынумен түндер мен күндер жылап өтер.  
Бұл жүрекке қашан бақыт келер,  
Дәл өзіңдей жылу бола алмады өзгелер.

Сені бағым деп жүрген ем бақыт сыйлар,  
Мұңыма айналдың ескі күннен естелік болар.  
Шын бақытты тілеймін мен өзіңе,  
Жолықсын тағдыр жолыңда жақсы жандар!

## **КІМ БАР**

Шын сүйетін кім бар?  
Бар болса айтыңдар.  
Жүрегім іздеп жүр,  
Бір жанды сыңар болар.  
Шын сүйетін кім бар,  
Бар болса қол бұлғандар.  
Жаным жалғыз жабықты,  
Жалғыз күрең мұңдардан  
Бір жан керек мені құтқарар.  
Арылмас мына ойлардан,  
Бар ма ол жан кім білет?  
Ей, өмір-ай!  
Мүмкін ол жан жоқ шығар,  
Бәлкім оған,  
Ей, жүрегім әлі ерте шығар.  
Аңсап жүрмін сол күнді,

Шын бақытым жолығар.  
Мені күні-түні,  
Жалғыздық мазалар.  
Шынайы күтіп жүрмін сол күнді,  
Бақыттым келіп есік қағар.  
Шырт бұзат ойлар ұйқымды,  
Бәлкім бір күн бағым келіп қалар.  
Үзбеймін үмітті ешқашанда,  
Кеудемде сезіммен лаулап жанар,  
Күздеймін мен әрқашанда,  
Бір жан барма мені көктем қылар?!

## **КҮЗГІ БАҚТАР**

Кетуде құстар қайтып,  
Күзгі түндер сыр айтып.  
Арманым сенсің әліде,  
Кетсеңде мәңгі мұңайтып.

Жабырқап тұр күзгі бақтар,  
Жүректе қалып есімің.  
Қол бұлғап тұр ескі армандар,  
Жанарға мұң сыйлап елесің.  
Елесіңмен жалғызым,  
Түсіме жиі енесің.  
Саған деген сезімім,  
Сөнгені жоқ білесің.

Көктемгі таңдарды сағынам,  
Күзгі бақтарда жабырқап.  
Көз ілмей түндерді өткізем,  
Сағынышпен көздерім жасаурап.

Қол бұлғап барады арманым,  
Сағым болып мөлдір жанарың.  
Қайдасың сен ертелі-кеш іздедім,  
Сағынышқа толып жылаған жүрегім.

## ТОҢБАДЫҢ БА МЕНСІЗ

Тоңбадың ба суық түндерге,  
Сені жылытсын ескі өлеңдерім.  
Қолымнан ештеңе келмеді де,  
Мені жұбатсын күзгі күндерім.

Саған деген сезім жүрегімде,  
Мұң толтырып сағыныш көңіліме.  
Осылай бақытсыз боп жүремін бе,  
Сенгенім жоқ сені әлі кетті деуге.

Мен сенің енді өткеніңмін бе,  
Сен маған жаным өкпелендің бе?  
Көне алғам жоқ сенсіз суық түнге,  
Сен мені енді ұмытып кеткенің бе?

Сенсіз суық мына мұңды күздер,  
Өкініш отына жандырып түндер.  
Сағын ба – деп ең кешір сағынам,  
Көздеріңді жаныма жылу төгер.

Жасқа толды мына көздер,  
Мұңына батырып күрең күздер.  
Соңғы қоштасуға кім төзер,  
Естен кетпей бірге жүрген күндер.

## ТАМШЫЛАЙДЫ КӨЗ ЖАСЫҢ

Тамшылайды көз жасың,  
Қайтесің тағдырыңа бағынасың.  
Өз бақытыңды, өз бағыңды,  
Өзгелер шешті білем зарығасың.

Тамшылайды мөлдір жас,  
Кеткен жан қайта оралмас.  
Тағдыр екен тек бағынам,  
Жүректегі сезім жоғалмас.

Бір күн көрмесе сағынған,  
Ертелі кеш бір-біріне асыққан.  
Кешегі екі ғашық бір жүрек,  
Бүгін тек түсінде қауышқан.

Сүйіктісі қайғыра жыласа,  
Мұңданып жүрек туласа.  
Жұбанышпен ем болар,  
Ешбір ем жүрекке табылмас.

Күн-түн демей бір-бірін іздеген,  
Бірісіз-бірі алаңсыз күлмеген.  
Кешегі қос аққу айдындағы,  
Бүгінде бір-біріне бақыт тілеген.

Жанарда мұң бар көп білмеген,  
Соңғы қоштасу у-ы бар сезбеген.  
Алып ұшқан асыл сағыныш,  
Жанға күні-түні тыным бермеген.

Жүректегі сезімді ерітер,  
Жанға жылу көрік берер.

Сүйгенімді қалай ұмытам,  
Барма жан оған тең келер.

Баяғыша шаттыққа жетерсің,  
Сүйгенім енді өзгемен кетерсің.  
Бақытты бол жылап нетерсің,  
Тағдырың шешсе көнбей қайтерсің.

Жылама бір күн өкініп өтерсің,  
Ертеңгі таңда қайта гүлдерсің.  
Жүдеп, толқып жүрген бейшара,  
Мендік жүрек бәрін көтерсін.

Махаббатта шек жоқ білерсің,  
Сүйгендер қосылмас төзерсің.  
Сәл аялдап шыдашы,  
Сағыммен барар саған елесім.

Кейде өкінер мендік жүрек,  
Өкінгенім енді кімге керек?

## **ЖЫЛАМА**

Бәрі өткінші сәт қана,  
Жүрміз бәріміз алдана.  
Бетімізге күлгеннің бәрі де,  
Өзің айтшы, дос болама?

Өмірде сен олай шаршама,  
Қиын болса да ол қаншама.  
Бір жан саған бақыт әкелет,  
Сыңар боп жалғыз жаныңа.

Жылама сен еш жасыма,  
Жылағаннан барма бір пайда?  
Құр өткінші өмір мынау,  
Жүргенімізбен шіреніп тасына.

Ертең бәрі қалат артымызда,  
Татый ма бұл өмір араздасуға?  
Кім мәңгі жүріпті өмірде мынау,  
Бәрі де кетті ғой келмеске аттана.

### **САҒЫНЫП ЖҮРМЕ**

Сағынып жүрме,  
Қоштасып-ап мәңгіге.  
Біздің сенім ақталған жоқ,  
Кінә артасың енді кімге?  
Сағынып жүрме,  
Өзгемен кездесіп күнде.  
Бар айтарым әлі ұнатсаң,  
Қайта орал бақытты ет меніде.  
Соңғы айтарым өзіңе,  
Өзіңді жаным қинап жүрме.  
Мен ұмыту үшін,  
Жүрегіңді беріп өзгеге.

### **ЖАНЫМДЫ**

Жанымды мына ешкім түсінбеген,  
Жұбатармын алдамшы үмітпенен.  
Бұрындары келген жанға қуанар-ем,  
Сендікпін деп жүздері күлімдеген,  
Ал қазір қорқамын бәрінен де –

Жанымды жаралайма деген күдікпенен...

## **СЕН ЖАЙЛЫ КӨП ОЙЛАНАМ**

Сен жайлы көп ойланам,  
Кейде сол ойлар мен алданам.  
Амал не бақ болдың бұйырмаған,  
Бәлкім өз кінәм сезімді кеш бағалаған.  
Қайтем сенен алдын жүректе жара болған,  
Махаббаттан содан бері көңіл қалған,  
Расында өткенді ұмытам деп жүріп,  
Сені әсте қатты бағаламағам.  
Ал бүгін сен менің өткеніме айналдың,  
Жүректен сезімі жоғалмаған.  
Мен қатты өкінем,  
Күндеріме сені сан алдаған.  
Кешірші қалқам өтінем,  
Мен бейбақты,  
Сезіміңді кеш бағалаған...

## **ІШПЕЙІКШІ АРАҚТЫ**

Ішпей-ақ сөз айтуға бата алам,  
Жаманды ішіп,  
Жақсы тілек қалай айта алам?  
Отырғам жоқ адамдардан ұялып,  
Мен тек маған өмір берген,  
Жаратқаннан ғана ұялам.

Сол арақты ішпей-ақ сөз айтам,  
Тілім бар несіне мыңқауланам.  
Егер сол арақ тіл бітірер болса,

Сөйлер еді қанша ма тілсіз адам.

Көбі сылтаумен арақты жақсы қылған,  
Той жасаса төр беріп ақ дастарханнан.  
Арақсыз халал той жасау бұл заманда,  
Әттең-ай құнсыз бір бұйымға айналған.

Сол арақ емес пе талайды зар жылатқан,  
Екі отбасың бір арақтан ажырасқан.  
Алтын жалатып тұрып мақтасанда,  
Мені жақсы іс көргем жоқ арақтан.

Сол арақ қорқақ ездi батыр қылған,  
Қария данам түспеші баяғы нарқыңнан.  
Ішіп алып көшеде жұлысып-алысып,  
Ағам-ау кетпеші адам деген атыңнан.

Арақты мақтап жатыр тойларда,  
Болып көрседе талай ұрыс жанжалда.  
Талай ел ағасы жүр ғой ішіп алып,  
Үйінің берексін қашырып бұл маңда.

Қу арақ демеу болмас жаныңа,  
Қауіп беріп қазақ деген текті қаныңа.  
Айналайын ағам-ау ие болсаңшы оданда,  
Отбасы дейтін сарқылмас байлығыңа.

Қашырма мастықпен үй тынышын,  
Еш болмаса ойланшы балаң үшін.  
Сенің күндегі мас хәлінді көріп өсіп,  
Ертең ол бала не істей алат отан үшін?

Ей, жігітім жалғандағы жолдасым,  
Ішпейікші сол арақты құрысын.

Бір Алла берген бұл өмірді,  
Адал сүйрейікші бір Алла үшін.

## ТҮНГІ ОЙЛАР

Ұйқымды ұрлаған сан ойларға,  
Жауап таппай жүрек қынжылуда.  
Тосыннан келіп жанды жаралаған,  
Кім кінәлі айтшы бұл қоштасуға.

Бақытты күн елес болды жалт беріп,  
Мына сезім бас салды қайғыға келіп.  
Өткен күнге өкінбейміз дегенімен,  
Санамызда қалды ғой бірақ көп естелік.

Ұмытамын барлық өткен күнді,  
Жұбататын ән іздеп жүрегімді.  
Өлең мен қиялға еріп жүргенде,  
Сен тауып үлгеріпсің өз теңіңді.

Білмеймін не дерімді енді саған,  
Қайтемін бақ болдың бұйырмаған.  
Тек тілерім аман сау жүрші,  
Кінәлі өзім сезімді бағалай алмаған.

Маған үйрену керек сияқты,  
Сезімді уақытылы бағалауды,  
Маған үйрену керек расында,  
Кеш түсініп соңында жыламауды.

Үйреніп қалыппын өзіңмен сырласуға,  
Мені тастап кете бардың сен басқаға.  
Бар айып кінә өзімде ғана білемін,

Кешіктім сені сол күні жұбатуға.

Бәлкім жалғыздық бағым шығар,  
Тағдырым болып бәрінен кеш қалар.  
Әлі күнге мұңға құмартып жүрмін,  
Мұңдарым әкелмесе де жақсы хабар.

О тоба осынша жаман болғаным ба,  
Тағы жалғызбын енді оңамын ба?  
Сырласым өмірлік мұңдасым,  
Бүгін олда жүр өзгенің жанында.

Бәрі кетіп соңында кім қалады,  
Шыдамымда таусылып барады.  
Әй, өмір-ай қашанғы қинайсың,  
Күліп ойнап өтер жастығым,  
Өкініш мұңмен өтіп барады.

## **ӨТКЕН КҮН**

Кете бардыма өткен күн,  
Жаныма қалдырып естелігін.  
Кім ойлаған бәрін уақытша деп  
Ұққаным қатігез екен өмір шіркін...

Алмасып көктем-күзі,  
Сыйлайтын бір үмітті.  
Өмір деген алдамшы екен,  
Уақытша берген қызықты.

Көп ойланып қарасам,  
Бізден де талай жыл өтті.  
Жылдарға өшігіп жарысам,

Деп жүріп жастығым кетті.

Өмір емес біз өтеміз,  
Өмір қалат біз кетеміз.  
Адамдар-ау айтыңдаршы,  
Мына бес күн жалғанда,  
Неге бір-бірімізді ренжітеміз.

Өмір алдамшы сәт қана,  
Мәңгілік өмір Жәннатта.  
Жалған дүниеге алданып,  
Шын өмірден шет қалма.

Жақсылық жаса ертерек,  
Уақыттың барында көбірек.  
Бақыт құсы ұшса басыңнан,  
Өкініп жүрерсің кейінірек.

Уақытша сәтке неге ұмтылдык,  
Күтіп тұрсада өмір мәңгілік.  
Белгілі болсада жалған екені,  
Неге санамыз да бар сан күдік.

## **ӨТКЕНГЕ ОРАЛМА**

Өткен шаққа қайта барып есік қақпа,  
Орын жоқ енді саған ол жақта.  
Күйдім-сүйдім деген сөзге алданба,  
Мына өмірде бәрі-бәрі уақытша.  
Олар жетті сенсіз ақ бақытқа,  
Сенде ұмыт енді өткенді,  
Қадам баста болашаққа.  
Бір бақыт бар әкелер көктемді,

Ол бірақ тек алдыңда ғана.  
Ешкімнен көмек күтпе алаңдама,  
Тек сырыңды айт Жаратқанға ғана.  
Сені күтеді әлі талай бақытты шақ,  
Ұмтылсаң болашақ арманға мына.  
Қол жайда дұға етіп сұра бәрін,  
Шүкірлік етіп Жаратқан Аллаға.  
Бақытсызбын деп налыма жаным,  
Бақытсыз емес ешкім ғаламада.  
Бір Алла бақ беретінде, алатын,  
Самғағанда талмасын қанатың.  
Әр кез шүкір ет соғып тұрса жүрегің,  
Ұмытпашы көп жанға бұйырмады,  
Сен көрген мына жарық күн.

## **ЖЫЛАМА**

Сеніде береу жылатты,  
Сенде біреуді жылаттың.  
Осылай бізді өмір сынапты,  
Бәрі сынақ екенін біліп тұрып,  
Ботам-ау көзіңнен неге жас ақты?  
Кірлетпе өмірде адам деген ұлы атты,  
Көрсенде қаншама қайғы қасіретті.  
Әр сынақ бізді келтіреді тәубеге,  
Таразылап жақсымен жамандықты.  
Ұмытпашы қарлығашым-ау,  
Бізді әу баста сынақ үшін жаратты.

## **ЖҰБАТУ**

Жараланып жас жанның,

Жүрсінбе жылап жасырын.  
Келмеске кеткен күндерді,  
О қымбаттым неге сағындың?

Келмейді өткен күн қайтадан,  
Басталмайды өмір жаңадан.  
Бәріміз қимасақта қоштастық,  
Қол үзіп жақын жандардан.

Кім сағынбайды дейсің өткенді,  
Бәрі аңсайды ғой сол көктемді.  
Сағынса да бағынады тағдырға,  
Амалы жоқ сірә енді қайтеді.

Бақытты сәттер қайда деп,  
Өзіңді жазғырма күнім көп.  
Бақытты боларсың сен де,  
Сәл шыдасаң сабыр қып.

Кінәлі етпе сен өзіңді бәріне,  
Мұңды ойдың сүңгіп тереңіне.  
Барлық адам сендей жаралы,  
Бақытты боп көрінсе де көзге.